

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚФ  
ОҚО бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

# Жоба


**Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім беру  
саласында оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми-зерттеу  
және әдістемелік негізі**

Орындаған: Әлі К.

Қабылдаған: Айдосова А.Е.

Шымкент 2017

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту мәселелерін тиімді қолдануда, сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету



Міндеттері: Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру саясатының басымдықтарының дамуына жағдай жасау, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жанартудағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басымдықтары мен негізгі бағыттары жөніндегі білімдердің жеткіліксіздігі;



# Кіріспе

- Мектепке дейінгі білім беру – бұл үш пен жеті жас аралығындағы баланы оқыту, дамыту, тәрбиелеу, қарау және күту. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мақсаты осы жас кезеңінде тұлғаның қалыптасуы үшін қажетті алғашқы білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Жеті жасқа дейінгі балалар бірдеңені шындап үйрену үшін тым кішкентай болып көрінеді, алайда жете дайындалуынсыз балаға кейіннен мектепте оқу қиын болады.
- Мектепке дейінгі мекемелердегі сабақтардың мектептегі сабақтардан айырмашылығы айтарлықтай. Кішкентай балалар бір орнында
- қырық-қырық бес минут отыра алмайды. Сондықтан балабақшаларда және даму орталықтарында сабақтар әдеттегідей қысқа, олардың ұзақтылығы отыз минуттан аспайды.
- Білім балаларға ойын түрінде ұсынылады, мектеп жасына дейінгі баланың ойын арқылы сабаққа көңілін аударуға оңай. Ойын түрінде қажетті дағдылар қалыптап, олар ойын барысында пысықталады. Бұл ретте оқытушылар мектепте оқығанда керек болатын дағдыларды қалыптастыруға ерекше назар аударады.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға бірдей оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт негізінде әзірленеді. Олардың негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде 2-3 жас аралығындағы балаларды 6-7 жасқа дейін мектепке дейін тәрбиелеу және оқыту жүргізіледі. Балдырғанға мәдениет негіздерін, сондай-ақ жалпыға бірдей қабылданған тәртіп және қарым-қатынас үлгілерін мектепке дейінгі жаста дарыту өте маңызды, бұл оның кейіннен бастапқы мектепте бейімделуін едәуір жеңілдетеді. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту арқылы бала өзі және өз мүмкіндіктері туралы бастапқы түсініктерді алады, онда қоршаған ортаның толық бейнесі және оған деген дұрыс көзқарасы қалыптасады. Мектепке дейінгі жаста баланың зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық және дене тұрқы мен жеке басы қасиеттерінің негізі салынады.

***Күтілетін нәтиже:*** Қазақстан  
Республикасының әлеуметтік және  
саяси өміріне белсене қатысуға  
дайын, мектепке дейінгі ұйымдарда  
оқу – тәрбие әрекетін тиімді  
ұйымдастыра алатын, бәсекеге  
қабілетті, кәсіби потенциалы  
жоғары, күзінетті маман  
қалыптасады.



- Қазіргі сәтте көптеген мемлекеттік және жеке меншік балабақшалар бар. Жеке балабақшаға баланы қысқа мерзімде орналастыруға болады, ал мемлекеттік балабақшаға орналастыру үшін баланы туған сәттен бастап жалпы кезекке қою қажет. Электронды үкімет порталында баланы балабақшаға кезекке қоюға және кезектің санын қарап шығуға болады.
- Балаларды мектепке дейінгі мекемелерде оқыту оларға күш-қуатын жетілдіруге, білімқұмар, белсенді, эмоциялық қайырымды болуға, қарым қатынас құралдарын және үлкендермен және құрдастарымен өзара іс-қимыл әдістерін меңгеруге, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларды меңгеруге көмектеседі.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны әртүрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолдарымен іске асырылатын: "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеуметтік орта" бес білім беру саласына негізделген.




# Бақылау және талдау

Жасалған жұмысты оқып түсіну, өткізілген шараларға талдау жасаймын.

Педагогтарды  
жаңа заман  
талабына сай  
жолдармен  
оқытуға  
бағытталған  
әдістемелік жұмыс

Олардың білімдерінің жоғарлауына , балалармен жұмыс жүргізу барысында жаңа тәсілдер таңдауға, зерттеу және шығармашылық мүмкіндіктерін анықтауға өздігімен кәсіби деңгейлерін көтеріп, мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттырады.

Бұндай талдау педагогтардың кәсіби шеберліктерін жоғарлату емес, әр педагогтың рухани деңгейінің жоғарлағандығын көрсетеді.





Жұмыстың түрлері мазмұнына, мамандық мүмкіншіліктеріне, білім беру қажеттіліктеріне және тәрбиешілердің қызығушылықтарына сәйкес таңдалуы керек.

Тәрбиешілердің мамандық деңгейін жоғарлатуына бағытталған әртүрлі әдістемелік жұмыс түрлерін дайындау.

Тәрбиешілердің кәсіптік шеберліктерінің өсуі және бағалау жоспары» төмендегідей бөлімдерден тұрады.

Өзін-өзі бағалау сауалнамасы

Топтағы және ұйымдастыру стилі

Кәсіптік өсу жоспары

Аттестация бойынша есеп



## Оқу жылына арналған Әдістемелік-нұсқаулық хаттың құрылымы:

- 1. Кіріспе
- 2. Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары
- 3. Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері
- 4. Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау
- 5. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру
- 6. Тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері
- 7. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың тізбесі





## • **Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары**

- 
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасы жоғарыда аталған құжаттарда анықталған негізгі міндеттерді тиімді орындауды қамтамасыз етеді.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы:
  - - мектепке дейінгі жастағы балалардың денесін және психологиялық саулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға;
  - - баланы тұлғалық және әлеуметтік, зияткерлік дамытуда тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдануға;
  - - балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге;
  - - мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етеді.

## Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері

- Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда

сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі ұстанымдар және тәсілдер қарастырылуы қажет: - тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналармен баланың тұлғасын қалыптастыру мен оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсіл; - балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларды дамытуда әрекеттік тәсіл;

- баланың дамуы мен мектепке дейінгі ұйымның қызметінің деңгейлеріне (мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына мониторинг жүргізу үшін автоматтандыру жүйесі) мониторинг жүргізуде инновациялық тәсіл; - тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі;

- ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру.



Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру үрдісіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.

- I нұсқау: Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтан жылдық жоспарларына сәйкес күннің II жартысында өзімен жасты балалармен қатынасады (сурет салу, жапсыру т.б.). және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.
- II нұсқау: Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатынасып «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша білім алады.
- III нұсқау: Даму мүмкіндігі шектеулі балалар бөбекжайдың өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке. Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады.

# Қорытынды

- Жаңа идеяларды қолдана отырып, орындалатын жұмыс бағытым;
  - 1. баламен қарым-қатынасты қалыптастыру.
  - 2. баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту.
  - 3. Әр баланың әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
  - 4. баланың ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
  - 5. баланың санасын, сенімін, көзқарасын,білімін арттыру.
  - 6. баланың парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.
  - Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде балалардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.
- 
- Жұмысымның нәтижесінде:
  - 1) Әр баланың білімі, қабілеті қалыптасады.
  - 2) баланың бойындағы жетістіктері көрінеді.
  - 3) балалар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
  - 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.



# Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **М.М.Мұқанов**, «Жас және педагогикалық психология» ( Алматы 1982ж)
2. **Ү.Тұрғынтаева**, «Халық даналығы- адамгершілік тәрбие құралы. Отбасы және балабақша» (2001ж)
3. **Ә.Табылдиев**, «Халық педагогикасы және тәрбие» (1990ж)
4. **М.Т.Баймұқанова**, «Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс» (Астана 2005ж)
5. **Иманбекова Б.И** «Тәрбиеге жетекші» Алматы 2004 ж
6. **Бабаев С.Б , Оңалбеков Ж.Ж** «Жалпы педагогика» Алматы 2005 ж
7. **Биғатова К** «Шәкірт көңілінен жол таба білу керек» , «Қазақстан мұғалім» журналы 14/9/2004 ж 11 бет

